



XIX–XX ғғ. Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық зерттеулер

© 2023 ж. Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.Қ.

Keywords: archaeology, Syrdarya, Khorezm archaeological ethnographic expedition, Chirik Rabat archaeological expedition, site, settlement, city, fortress, necropolis, mausoleum

Түйін сөздер: археология, Сырдария, Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы, Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы, тұрақ, қоныс, қала, бекініс, қорым, кесене

Ключевые слова: археология, Сырдарья, Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция, Чирик-Рабатская археологическая экспедиция, стоянка, поселение, город, крепость, некрополь, мавзолей

Zhanbolat Utubaev¹ and Makpal Suyundikova^{1*}

¹Candidate of Historical Sciences, Doctor of Philosophy (PhD), Head of the Department of Archaeology of the Early Iron Age, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: utubaev_z@mail.ru

^{1*}Corresponding-author, researcher, doctoral student (PhD), Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: makpal1226@mail.ru

Archaeological research of the 19th–20th centuries in the lower reaches of the Syr Darya

The article presents the results of archaeological excavations and research conducted in the lower reaches of the Syrdarya River in the 19th–20th centuries. The primary purpose of this undertaken work is a comprehensive study, systematization and analysis of scientific works related to archaeological research conducted in this area during the specified period. The authors performed a comparative analysis of the results of the research of scientists of the 19th and 20th centuries. As a result, it was determined that in the 19th century, due to the implementation of the colonial policy of the tsarist regime, special expeditions were arranged, overseen by military figures such as P. Rychkov, M. Meyer, A.I. Levshin, A.I. Maksheev, V.V. Grigoriev, P.I. Lerkh, and V.V. Vereshchagin. The results of the expeditions reflect data on geographical features, the location of archaeological sites and their characteristics. Later, this information was supplemented by members of the Turkestan circle of archaeology enthusiasts. Among the researchers of the lower reaches of the Syrdarya River, the activity of the Khorezm archaeological and ethnographic expedition made a special contribution. The members of the expedition, which included archaeologists, topographers, soil scientists, geomorphologists, etc., in the period from 1946 to 1991, identified and conducted research on more than two hundred archaeological sites. These sites encompassed cities, settlements, fortresses, separate premises, towns, burial sites. Thus, comprehensive insights into the culture, lifestyle, and economy of the peoples inhabiting the designated area were examined, along with assessments regarding the dating of these monuments.

Source of funding: The publication was carried out within the framework of granted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2021–2023, project IRN AP09260367.

For citation: Utubaev, Zh., Suyundikova, M. 2023. Archaeological research of the 19th–20th centuries in the lower reaches of the Syr Darya. *Kazakhstan Archeology*, 3 (21), 48–67 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2023.3.21.48.67](https://doi.org/10.52967/akz2023.3.21.48.67)



Жанболат Райымқұлұлы Утубаев¹,
Мақпал Қожахметқызы Суюндиқова^{1*}

¹тарих ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD), ерте темір дәуірі археологиясы бөлімінің меңгерушісі, Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, Алматы, Қазақстан

^{1*}корреспондент авторы, ғылыми қызметкер, докторант (PhD),
Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты,
Алматы, Қазақстан

XIX–XX ғғ. Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық зерттеулер

Мақалада XIX–XX ғғ. Сырдария өзенінің төменгі ағысында жүргізілген археологиялық қазба және зерттеу жұмыстарының нәтижелері баяндалады. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты аталмыш кезеңде осы ауданда жүргізілген археологиялық зерттеулерге байланысты ғылыми еңбектерді жан-жақты жүйелеу және талдау болып табылады. Авторлар XIX және XX ғғ. зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасады. Нәтижесінде, XIX ғ. патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру үшін П. Рычков, М. Мейер, А.И. Левшин, А.И. Макшеев, В.В. Григорьев, П.И. Лерх, В.В. Верещагин секілді әскери шенділер басқарған арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Экспедиция жұмыстарының қорытындысында археологиялық нысандардың орналасуы, географиялық ерекшеліктері және олардың сипаттамалары туралы мәліметтер берілді. Кейін, бұл мәліметтер Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің жұмыстарымен толықтырылды. Сырдарияның төменгі ағысын зерттеуде маңызды үлес қосқан Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының алар орны ерекше. Құрамында археолог, топограф, топырақтанушы, геоморфолог және т. б. мамандары бар экспедиция мүшелері 1946–1991 жылдар аралығында аталмыш өңірден екі жүзден астам археологиялық ескерткіштерді анықтап, зерттеу жүргізді. Олардың ішінде: қалалар, бекініс қоныстар, үй-жай, тұрақ және жерлеу орындары бар. Осылайша, аталмыш өңірді мекендеген тұрғындардың мәдениеті, тұрмысы мен шаруашылығы жөніндегі мәліметтер зерделеніп, ескерткіштердің мерзімделуіне қатысты қорытындылар көрсетіледі.

Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру аясында орындалды, 2021–2023 жж., жобаның ЖТН АР09260367.

Сілтеме жасау үшін: Утубаев Ж.Р., Суюндиқова М.К. XIX–XX ғғ. Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық зерттеулер. *Қазақстан археологиясы*. 2023. № 3 (21). 48–67-бб. DOI: 10.52967/akz2023.3.21.48.67

Жанболат Раймқұлович Утубаев¹,
Макпал Қожахметовна Суюндиқова^{1*}

¹кандидат исторических наук, доктор философии (PhD), заведующий отделом археологии раннего железного века, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан

^{1*}автор-корреспондент, научный сотрудник, докторант (PhD), Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан

Археологические исследования XIX–XX вв. в нижнем течении Сырдарьи

В статье представлены результаты археологических раскопок и исследований, проведенных в нижнем течении реки Сырдарьи в XIX–XX вв. Основная цель проведенной работы – всестороннее изучение, систематизация и анализ научных работ, связанных с археологическими исследованиями района в этот период. Авторами выполнен сравнительный анализ результатов исследований ученых XIX и XX вв. В результате было установлено, что в XIX в. вследствие реализации колониальной политики царского режима были организованы специальные экспедиции, которые возглавлялись военными чиновниками П. Рычковым, М. Мейером, А.И. Левшиным, А.И. Макшеевым, В.В. Григорьевым, П.И. Лерхом, В.В. Верещагиным. Результаты работ экспедиций отражают данные о географических особенностях, местоположении археологических памятников и их характеристику. Позднее эти сведения были дополнены членами Туркестанского кружка любителей археологии. Среди исследователей нижнего течения реки Сырдарьи особый вклад внесла деятельность Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Члены экспедиции, в составе которой были археологи, топографы, почвоведы, геоморфологи и др., в период с 1946 по 1991 годы выявили и провели исследования более двухсот археологических памятников. Среди них: города, поселения, крепости, отдельные помещения, стоянки, места захоронения. Таким образом, были изучены данные о культуре, быте и хозяйстве народов, населявших обозначенный регион; представлены выводы о датировке памятников.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК 2021–2023 гг., ИРН проекта АР09260367.

Для цитирования: Утубаев Ж.Р., Суюндиқова М.К. Археологические исследования XIX–XX вв. в нижнем течении Сырдарьи. *Археология Казахстана*. 2023. № 3 (21). С. 48–67 (на каз. яз.). DOI: 10.52967/akz2023.3.21.48.67



1 Кіріспе (Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.Қ.)

Сырдария өзенінің төменгі ағысы Каспий территориясынан, Орталық Қазақстан, шығысы далалық жазық, солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ірі азиялық шөл дала Қызылқұм мен Қарақұм аймақтарын қамтыған Тұран ойпатының бір бөлігі болып табылады [Энциклопедия 1973: 675]. Академик В.В. Бартольд: «Тұран – бұл Арал бассейні» деп тұжырымдайды [Бартольд 1971: 231].

Аймақтың физикалық-географиялық ерекшелігі әр түрлі шаруашылық пен мәдениетті қалыптастырушы тұрғындардың экономикалық, саяси және мәдени тығыз қарым-қатынаста болуына мүмкіндік жасады. Сырдарияның төменгі ағысы Арал бассейнінің шығыс бөлігін құрағандықтан біршама ғылыми еңбектерде Сырдария өзенінің төменгі ағысы және Шығыс Арал маңы деп кездеседі. Аталмыш өлкенің шығысы көшпелі өркениеттің гүлденуін қамтамасыз еткен Орталық Қазақстан жазығымен, батыс шекарасы сауда-экономикалық және Хорезм оазисіндегі ғасырлар бойы жоғары деңгейдегі егіншілік мәдениетті қалыптастырушы Арал теңізімен жанасып жатыр. Ал, оңтүстік бөлігі ортағасырда қала мәдениеті дамыған Оңтүстік Қазақстан территориясымен, солтүстігі шығыс Европа мен Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси және экономикалық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарған Батыс Қазақстан аңғарларымен шектеседі [Сыдыкова 2008: 43].

Сырдарияның төменгі ағысының тарихы терең бірнеше мыңжылдықты қамтиды. Бұл өңірді мекен еткен ежелгі тұрғындар үлкен территорияны игеріп, әрі батыс пен шығысты байланыстырып, ерекше шаруашылық пен мәдениеттерді қалыптастырады. Оған Сырдарияның ежелгі арналарында орналасқан бірегей археологиялық ескерткіштер мен шығыс Аралдан Хорезм территориясына дейін тартылған күрделі суландыру жүйелері дәлел бола алады.

Сырдарияның төменгі ағысы территориясында орналасқан біршама археологиялық ескерткіштер жайлы деректер ал-Якуби (IX ғ.), ал-Масуди (X ғ.), ибн Хаукал (X ғ.), ибн Русте (X ғ.), ал-Идриси (XI ғ.) секілді ортағасырлық араб және парсы жазбаларында кездеседі [Материалы 1939]. Кейін, орта ғасырда Ұлы Жібек жолы бойымен жүрген парсы, араб, еуропа елдерінің ғалым, саяхатшы, елшілері және әскери шенділердің еңбектері бұл мәліметтерді толықтыра түседі.

Сыр өңірінде орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштердегі алғашқы зерттеулер Кіші жүз қазақтарының билеушісі Әбілқайыр ханның 1731 ж. Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін, Оңтүстік Қазақстан өңірі мен оған іргелес аудандарда жүргізілген зерттеулерімен тікелей байланысты болды. Аймақтың тарихи-географиялық жағдайын зерттеу XVIII ғ. ортасында басталады. 1740–1741 жж. Орынбордың Драгунск полкінің кіші офицері Д. Гладышев және геодезист И. Муравин Орсктен Хиуаға барар жолда Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Жанкент қаласында болады. Олардың жазбаларында осы қалаға жақын орналасқан ескерткіштердің ара қашықтығы жөнінде мәліметтер көрсетіледі [Ханыков 1851: 31–32].

Мақаламызға арқау болған Сырдарияның төменгі ағысындағы XIX ғ. зерттеулер патша өкіметі отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатында әскери шенділер басқарған арнайы экспедициялар жүргізген жұмыстары, Ташкент қаласында құрылған алғашқы ғылыми бірлестік Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі (АӘТҮ) зерттеулерімен жалғасады.

Ал, XX ғ. зерттеу жұмыстары С.П. Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясымен (ХАЭЭ) тікелей байланысты. Жұмыста ХАЭЭ жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен қорытындылары, ғылыми еңбектер, экспедиция мүшелері М.А. Итина, О.А. Вишневская, Е.А. Виноградов, Б.А. Андрианов, Н.Н. Вактурская, Л.М. Левина және т. б. ғалымдар басқарған отрядтар есебі мен жарық көрген мақалаларында толық қамтылды.



Зерттеу жұмысының жаңашылдығы XIX және XX ғғ. Сырдарияның төменгі ағысында жүргізілген зерттеу жұмыстарына қатысты ғылыми айналымға енген еңбектерді жан-жақты жүйелеу және талдау.

2 Материал және зерттеу әдістемесі (Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К.)

2.1 Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысының әдістемесі тақырыптың өзі айқындап тұрғандай Сырдарияның төменгі ағысындағы XIX және XX ғғ. жүргізілген ізденіс жұмыстарына жекелеген зерттеушілердің қосқан үлесін көрсету; XIX және XX ғғ. зерттеу нәтижелерін салыстыру. Сонымен қатар, жұмыс барысында тарихи-археологиялық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

2.2 Материал сипаттамасы

XIX ғ. зерттеулер. XIX ғ. ортасына қарай Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескерткіштерде жүргізілген зерттеулер туралы біршама мәліметтер П. Рычков, М. Мейер, А.И. Левшин, А.И. Макшеев, В.В. Григорьев, П.И. Лерх, В.В. Верещагин және т. б. әскери шенділердің еңбектерінде айтылып, қысқаша сипатталады [Мейер 1865: 284–288; Левшин 1832: 212; 1996; Макшеев 1856: 448–527; Ремезов 1882: 316–319].

П. Рычковтың «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегінде Жанкент (1-сур.) қаласы туралы «Арал теңізіне құятын, Сырдария өзенінің сағасына жақын жерде орналасқан үлкен қала. Сонымен қатар, қалада кімдер өмір сүргендігі жайлы еш дерек жоқ. Қырғыз-қайсақтар арасында ежелгі кезеңде бұл қаланы жыландар басып, тұрғындары қаланы тастап, көшіп кеткен деген аңыз бар. Дегенмен, қазір мұнда жыландар өте аз, сондай-ақ, бүгінгі күні бұл жерде қарақалпақтар мекен етсе, кейде қырғыздар көшіп-қонып жүреді» деп баяндайды [Рычков 1762: 5–434; 1999: 133].


А.И. Левшин 1832 ж. жарық көрген «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегінде бірнеше қала орындарына сипаттама берген.

Жанкент қаласы «Сырдың сол жағасында орналасқан. Жанкент немесе Янги-кент (жаңа бекініс) қашан және кімдермен тұрғызылғаны белгісіз. XIV ғ. өмір сүрген белгілі араб географы Абудфеде өз жазбаларында Янги-кент деп көрсетеді. Өткен жүз жылдықта ол қарақалпақтарға тиесілі болған. 1742 ж. кіші офицер Гладышев тас мұнаралары бар Жанкент қаласының орнын таптым және мұнда қарақалпақ ханы өмір сүрген деп баяндайды. Сонымен қатар, осында тұратын қарақалпақ, қырғыз-қазақтардың айтуынша Жанкенттің алғашқы тұрғындарын жыландар қуып шыққан».

«Жеті қала Қуандарияның оң жағалауында орналасқан. Атауы жеті болса да, мұнда бір бекініс немесе қала, бұл да бұрынғы жүз жылдықта қарақалпақтарға тиесілі. Қаланың қақпасы, тартылған канал орындары анық байқалады».

«Жіңгіт қала Сырдария мен Қуандария аралығындағы Жіңгіт қырында орналасқан. Бекіністің биіктігі 5 саженге дейін жетеді. Өткен жүз жылдықта мықты мұнаралары болған». «Құм-қала, Ковен-қала, Көлшік-там, Сырлы-там және Күйік-там Жаңадарияның кепкен арнасында немесе Қуандариядағы Беш-ұзақ тармағына жақын жердегі Бұзын-гисар ескерткішіне жақын орналасқан» деп сипаттап көрсетеді [Левшин 1832: 212; 1996: 212].

А.И. Макшеевтің 1856 ж. «Морской сборник, «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің № 60 және 1867 ж. «Русский инвалид» газетінің № 87 нөмірлерінде Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескерткіштер мен өңірдің табиғи және географиялық жағдайы туралы сипатталады. Аталмыш мақалаларда автор Жанкент қаласын сипаттап, кездейсоқ табылған бүтін



1-сур. XIX–XX ғғ. деректер бойынша ескерткіштердің орналасу карта–схемасы. Шартты белгілер: а – кесене; b – қорым; c – тұрақ; d – қоныс; e – бекіністі қоныс; f – қорған; g – қала; h – қала және некрополь. Қола дәуірі ескерткіштері: 1 – Түгіскен қорымы; 2 – Баян-1–6, тұрақтары; 3 – Ерімбет қонысы; 4 – Тас-1–3 қоныстары. Ерте темір дәуірі ескерткіштері: 5 –Суықбет тұрағы; 6 – Уйғарақ қорымы; 7 – Оңт. Түгіскен қорымы; 8 – Шірік рабат қаласы; 9 – Бабіш мола қаласы; 10 – Бұланды қонысы; 11 – Сеңгір қала қонысы; 12 – Шірік 3 бекінісі; 13 – Алып бекінісі; 14 – Қабыл қала бекінісі (Шағырлы 1); 15 – Белтам кесенесі. Ерте ортағасыр ескерткіштері: 16 – Жетіасар бекіністі қонысы; 17 – Бидайық асар бекіністі қонысы; 18 – Жаман асар бекінісі. Ортағасыр ескерткіштері: 19 – Жанкент қаласы; 20 – Жент қаласы; 21 – Асанас қаласы; 22 – Қыш қала қаласы және некрополи; 23 – Бестам қаласы; 24 – Құм қала қаласы; 25 – Орынбай қала қаласы; 26 – Сырлы там қаласы; 27 – Ұйғарақ қонысы; 28 – Сырлы там қонысы; 29 – Кескен күйік қаласы; 30 – Күйік-қала қаласы. Орындаған: Михаил Антонов

Fig. 1. Map-scheme of the location of monuments according to sources of the 19th–20th centuries. Symbols: a – mausoleum; b – burial ground; c – site; d – settlement; e – fortified settlement; f – fortress; g – settlement; h – settlement and necropolis. Monuments of the Bronze Age: 1 – b.g. Tagisken; 2 – sites Bayan-1–6; 3 – village Yerimbet; 4 – village Tas-1–3. Monuments of the Early Iron Age: 5 – Suykbet site; 6 – b.g. Uygarak; 7 – b.g. South Tagisken; 8 – site Chirik Rabat; 9 – site Babish mola; 10 – village Balandas; 11 – village Sengir kala; 12 – Chirik 3 fortress; 13 – Aalp fortress; 14 – Kabyl kala fortress (Shagyrlly 1); 15 – Beltam mausoleum. Monuments of the early Middle Ages: 16 – fortified settlement Zhetiasar; 17 – fortified settlement Bidayik asar; 18 – Zhaman Asar fortress. Monuments of the Middle Ages: 19 – site Zhankent; 20 – site Zhent; 21 – site Asanas; 22 – site and necropolis of Kysh Kala; 23 – site Bestam; 24 – site Kum kala; 25 – site Orynбай kala; 26 – site Syrly tam; 27 – village Uygarak; 28 – village Syrly tam; 29 – site Kesken kuyuk; 30 – site Kuyuk-kala. Executive: Mikhail Antonov

Рис. 1. Карта-схема расположения памятников по источникам XIX–XX вв. Условные обозначения: а – мавзолей; b – могильник; c – стоянка; d – поселение; e – укрепленное поселение; f – крепость; g – городище; h – городище и некрополь. Памятники эпохи бронзы: 1 – мог. Тагискен; 2 – стоянки Баян-1–6; 3 – пос. Ерімбет; 4 – пос. Тас-1–3. Памятники раннего железного века: 5 – стоянка Суыкбет; 6 – мог. Уйғарақ; 7 – мог. Южн.



бұйымдар мен қару-жарақ секілді археологиялық материалдар жайында баяндайды. Сондай-ақ, А.И. Макшеев «Жанкент қаласын Тұранның байырғы тұрғындары мекен етті және қала табиғи төңкеріс салдарынан емес, отырықшылар орнын көшпелілер басуынан өмір сүруін тоқтатады деген алғашқы ғылыми тұжырым жасайды [Макшеев 1867]. А.И. Макшеевтің қаланы «Жаңа қала» деп атауына қатысты Санкт-Петербург археологиялық қоғамының Шығыс археология бөлімінің жетекшісі В.В. Григорьев мүмкін ол ескі қаланың орнына салынған болар. Дегенмен, бұл атау Жанкент қаласынан ерте Сырдария маңындағы өзге қалаларға қатысты болуы мүмкін» деген болжамдарды қарастыру қажеттігін айтады [Григорьев 1867].

Бас штаб подполковнигі М. Мейер 1865 ж. мақаласында дала ескерткіштерін үш кезеңге бөліп көрсетеді. Төртбұрыш пішінді күйдірілген кірпіштен салынған ежелгі құрылыс орындарының санатына Сырдария бойындағы кейбір ескерткіштерді жатқызады. Ол Жанкент туралы: «Левшиннің осы қала туралы сипаттамасы мен XIV ғ. өмір сүрген араб географы Абулфеда жазбаларында көрсеткен құлаған қала орны сақталмаған. Мүмкін, Жанкент атауы – Жаңа қала түркі тайпалары қоныстанған жерде өте кең тараған басқа жерге немесе сол жерге қатысты болуы мүмкін, бірақ қазіргі кездегі бекініс пен қала орындары кейінгі кезеңге жатады. Себебі күйдірілген саз қабырғалар ғасырлар бойы мықты сақталуы мүмкін емес», – дейді. Ал, М. Мейер Жанкент қаласы мен оның айналасында орналасқан біршама төбелердің ішкі беті күйдірілген кірпіштен тұрса, сыртынан табиғи биік қырларға ұқсайды деп сипаттайды [Мейер 1865: 285–286].

1867 ж. П.И. Лерх Сырдарияның төменгі ағысындағы кейбір ескерткіштерді аралап, Жанкент қаласына алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Оның Түркістан өлкесіндегі археологиялық сапары туралы есебі 1870 ж. «Ресей Императорлық археология қоғамының хабаршысында» жарық көрді. Ол Жанкент қаласын «төрт шаршы верст жерді алып жатыр, қала ортасында қорғанмен қоршалған цитаделі бар. Қала тұрғындары каналдар арқылы Сырдария өзені суын пайдаланған, ондағы құрылыстар күйдірілген кірпіштен тұрғызылған» деп сипаттайды. Сондай-ақ қала тұрғындары шабуыл нәтижесінде емес, бәлкім басқа жерлерге көшіп кетулеріне байланысты және уақыт өте атмосфераның әсерінен бұзылған болса керек деген тұжырым жасайды. П.И. Лерх қала халқының кешенді шаруашылық түрлері жер өңдеу, мал шаруашылығы және балық аулаумен айналысқандығын алға тартады. Қаланың оғыздарға тиесілі екендігін және Хорезммен мәдени шаруашылық тығыз байланыста болғандығы жайында құнды деректер қалдырады. Сонымен қатар, П.И. Лерх ортағасырлық авторлардың Жендтің Жанкентке жақын екендігі туралы мәліметтерін салыстыра отырып, ортағасырлық жазбаша дереккөздерде Жанкентпен бірге айтылған Женд қаласын табуға тырысады. Ол Қорқыт бекетінің жанында орналасқан ортағасырлық қала орнын Женд деп санайды. Сырдарияның төменгі ағысындағы бірнеше ірі ескерткіштерді зерттей келе, П.И. Лерх Плато Карпинидің моңғолдар жеріне сапары уақытысында жазған Орнас қаласы, Рашид ад-Дин мен Джувейнидің баяндаған Эшнас қаласы бұл Асанас қалашығы болуы мүмкін деп көрсетеді [Лерх 1870: 7].

Тагискен; 8 – гор. Чирик рабат; 9 – гор. Бабиш мола; 10 – пос. Баланды; 11 – пос. Сенгир кала; 12 – крепость Чирик 3; 13 – крепость Алып; 14 – крепость Кабыл қала (Шагырлы 1); 15 – мавзолей Белтам. Памятники раннего средневековья: 16 – укрепл. пос. Жетиасар; 17 – укрепл. пос. Бидайык асар; 18 – крепость Жаман асар. Памятники средневековья: 19 – гор. Жанкент; 20 – гор. Жент; 21 – гор. Асанас; 22 – гор. и некрополь Кыш кала; 23 – гор. Бестам; 24 – гор. Кум кала; 25 – гор. Орынбай кала; 26 – гор. Сырлы там; 27 – пос. Уйгарак; 28 – пос. Сырлы там; 29 – гор. Кескен куюк; 30 – гор. Куюк-кала. Исполнитель: Михаил Антонов



Осы 1867 ж. күзінде суретші В.В. Верещагин П.И. Лерхтың бастаған археологиялық қазбасын жалғастырды. Қазба барысында қыш пен сүйектен жасалған көптеген археологиялық материалдарды жинап, 1869 ж. Петербург қаласында ашылған арнайы көрмеге қояды. Жанкенттен жиналған қыш ыдыстардың түрлері сол уақытта Орталық Азияның отырықшы тұрғындарында әлі де қолданылады деп баяндайды [Верещагин 1868].

Сырдарияның төменгі ағысындағы келесі зерттеулер 1895 ж. Ташкент қаласында құрылған Орталық Азия тарихын зерттейтін алғашқы ғылыми бірлестік Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі қызметімен байланысты болды. Аталмыш үйірме гуманитарлық ғылымдар саласында мамандандырылған ғылыми-өлкетану бағытындағы жалғыз қоғамдық ұйым ретінде жиырма жылдан астам уақыт бойы (1895–1917 жж.) Орта Азия мен Қазақстанның археологиясы мен материалдық мәдениетінің тарихын зерттеді [Лунин 1958: 5]. Үйірме мүшелері Орта Азия мен Қазақстанға жасаған өз сапарларында анықтаған ескерткіштерді сипаттап, зерттеумен қатар оларды ортағасырлық авторлар баяндап, көрсеткен қалалармен байланыстыруға тырысады. АӨТҮ жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан біршама жаңадан ескерткіштер ашылып, ескерткіштердің тарихи топографиясы сипатталып, есепке алу, қорғау және зерттеу жұмыстары жүргізілді [Бартольд 1965; Смирнов 1897: 11–12; Каллаур 1904]. Үйірме жұмыстары В.В. Бартольд, В.В. Радлов, И.Ю. Крачковский, В.Г. Тизенгаузен, В. Каллаур, А. Кастанье, Е.Т. Смирнов және т. б. көптеген көрнекті орыс шығыстанушы ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты болды.

В.В. Бартольд АӨТҮ тұрақты, әрі белсенді мүшесі және қамқор тәлімгері болды. Ғалымның сан қырлы ғылыми қызметі көптеген зерттеулерді қамтып, түркі, моңғол және Азия елдері мен Кавказ халықтарының тарихы, археология, география, филология мен этногенез мәселелерін терең зерттеді. Сырдарияның төменгі ағысының ежелгі және ортағасырлық тарихын зерттеуде В.В. Бартольдтың «Түркістанның суландыру тарихы» атты еңбегінің алар орны ерекше, әрі маңызды. Еңбекте тарихи-этникалық үрдістер мен өлкенің суландыру тарихы мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, ғалымның оғыз, қыпшақ және өзге тайпалар мен халықтардың этногенезі туралы мақалалары Арал өңірінің этникалық тарихын зерттеуде өзекті болып табылады [Бартольд 1897; 1965; 2002].

Өңірдің археологиялық ескерткіштерін зерттеген үйірме мүшелерінің бірі В.А. Каллаур 1899 ж. Асанас қаласында болып, ескерткіштің топографиялық сипаттамасын жасайды. Ол 1219 ж. Жошының Жендке жорығы кезінде моңғолдар жаулап алған қалалардың бірі және Джувейни мен Рашид ад-Диннің жазбаша дереккөздеріндегі қала атауларының ұқсастықтарын дәлелдей отырып, ортағасырлық Асанас (Эшнас) қаласы екендігін айтады. Сондай-ақ, ол Женд қаласын Қызылордадан 25–30 км жерде, Сырдарияның сол жағасында орналасқан Қышқала орны деп санайды [Каллаур 1904: 14–15].

Ежелгі ескерткіштерді зерттеушілердің бірі И. Беляев 1904 ж. алғаш рет Шірік рабат қаласында болып, ескерткіштің топографиялық сипаттамасын жасайды. Кейін Түркістан ведомостарының 10 және 31-нөмірлерінде жарияланған «Поперек Кызыл-Кумской пустыни» атты мақаласында қала орнын: «Шірік рабат ойпатында құнды археологиялық ескерткіш және үлкен қамал бар. Оның пішіні төртбұрыш тәрізді, қабырғаларының биіктігі екі құлаш, ені бір құлашқа дейін, көлемі 10–12 ондық жерді алып жатыр. Қаланың қабырғалары едәуір жақсы сақталған, тек біршама мұнаралар толығымен құлаған. Бекіністің жалғыз қақпасын қоршап тұрған үлкен екі мұнара оңтүстігінде болса, жартылай бұзылған қабырғалармен қоршалған цитадель орта бөлігінде орналасқан» деп сипаттайды [Каллаур 1904: 56–59].



1911 ж. А. Кастаньенің XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында жүргізілген археологиялық зерттеулердің қорытындылары мен кең ауқымды библиография қамтылған «Древности киргизских степей и Оренбургского края» атты жалпылама еңбегі жарық көреді [Кастанье 1911; 2007: 318–319].

XIX ғ. аяғында Жанкент қаласының жойылып кетуден қорғауға байланысты ұйымдастырылған шараны белгілі өнертанушы В.Б. Стасов: «Әдетте ежелгі дәуірден мүлдем хабары жоқ әскери адамдар қазір ежелгі қалалар орындарына қызығушылық танытуда, бұл жерлердің ғылым үшін маңызы бар екенін ойлайды, барлық зиян келтіретін шаралардан құтқаруға тырысады... Бұл керемет емес пе, бұл біздегі жағымды жаңалық емес пе?» деп баға береді [Стасов 1894: 192].

АӘТҮ мүшелерінің жүргізген ғылыми ізденістері сол уақытта қоғамның Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы көне ескерткіштерге деген қызығушылығын арттырады.

XX ғ. зерттеулер. XX ғ. ең маңызды жаңалықтарының бірі С.П. Толстовтың жетекшілігімен 1937 ж. құрылған ХАЭЭ Сырдарияның төменгі ағысында, Әмудария мен Сырдария арналарының төменгі бөліктерінде кешенді ғылыми археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі болды. Нәтижесінде б.д.д. I мыңж. бастап, кейінгі ортағасырлармен мерзімделетін екі жүзден астам жаңа ескерткіштер анықталады. Жүргізілген бұл жұмыстардың нәтижесінде өңірдің тарихы мен мәдениетіне қатысты тың, әрі құнды мағлұматтар жиналады.

1946 ж. Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескерткіштірге алғашқы әуе барлау жұмыстары ХАЭЭ тарапынан Қызылқұм шөлі аумағында Жент–Жетіасар–Жосалы–Қазалы–Қуандария–Жосалы–Жетіасар–Жент бағыттарында жүргізілді. Барлау жұмыстары барысында Сырдарияның ежелгі арналарының аумағында ерте темір дәуірінің Шірік рабат, Бәбіш мола қалалары, Бестам, Шағырлы қамалдары, орта ғасырмен мерзімделетін Құм-қала, Жент, Жанкент қалалары, Жетіасар шатқалындағы он жеті асар және Жаңадария мен Қуандария арналарындағы қарақалпақ қоныстары Орынбай қала, Іркібай, Сырлы там, Шотбай секілді біршама жаңа археологиялық ескерткіштері ашылды [Толстов 1948: 62; 1962: 276; Тәжекеев, Сұлтанжанов 2022:92; Аржанцева и др. 2018].

1948 ж. ХАЭЭ алғашқы кең ауқымды археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарының негізгі нысаны трапеция тәрізді пішіні дұрыс емес, көлемі 16 га жерді алып жатқан Жетіасар шатқалындағы Жетіасар 3 (Алтын асар) ескерткіші болды. Зерттеу жұмыстары М.А. Орлов пен Ю.А. Рапопорттың тікелей жетекшілігімен 1951 ж. дейін жүргізілді. Бірнеше далалық маусымда Алтын асар «Үлкен үй» құрылысының бір бөлігі ашылады. Қазба нәтижесінде алынған керамика және басқада материалдарды негізге ала отырып бұл мәдениетті б.д.д. I мыңж. ортасы – б.д. III–VII ғғ. мерзімдейді. Сондай-ақ, Сырдарияның төменгі ағысындағы ескерткіштерге жүргізілген алғашқы барлау, қазба-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы мәліметер 1948 ж. жарық көрген С.П. Толстовтың «По следам древне-хорезмийской цивилизации» монографиясында және Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы еңбектерінің бірінші және екінші томдарына енгізілген мақалаларда жарияланды [Толстов 1948: 137–139; 1952: 16–31; Андрианов 1956: 189–190].

Оңтүстік шығыс Арал маңындағы мыңдаған шақырымға созылған жерді зерттеуде археолог, топограф, топырақтанушы, геоморфолог және т. б. әр саланың білікті мамандары атсалысып, өз үлестерін қосты. Қазба-зерттеумен қатар археология-топографиялық барлау жұмыстары 1954, 1956–1960, 1962, 1966, 1968, 1971–1973 жылдар аралығында үздіксіз жүргізілді.

1954 ж. зерттеу жұмыстары Сырдарияның ежелгі арнасының оңтүстік-батыс және батыс бөлігінде солтүстік Ақшадария мен Жаңадария арналарының тоғысқан бөлігінде, сондай-ақ Жаңадария, Іңкәрдария, Қуандария және Ескідариялық арналарында да жүргізілді. Жаңадарияның



төменгі ағысынан табылған барлық ескерткіштердің төрттен бір бөлігін қоныстар құрады. Сондай-ақ, Сырдария арнасының оңтүстік бөлігінен ашылған ең ірі ескерткіштер Шірік рабат, Бәбіш мола қалалары, Бұланды қонысы, Сенгір қала, Қабыл қала (Шағырлы 1), Шірік 3 бекіністері болды.

Осы жылы Сырдария арнасының аумағында Хорезм экспедициясымен қатар КСРО ҒА География институтының Сырдария жасағының жетекшісі А.С. Кесс және КСРО ҒА Этнография институтының ғылыми қызметкері А.В. Виноградов жұмыс жасады. Зерттеулер Сырдарияның сол жағалаудағы Қуандария, Жаңадария және Іңкәрдарияның көне арналарында негізгі төрт: 1) оң жағалау (Сырдария); 2) сол жағалау (Сырдария); 3) Жаңадария; 4) Іңкәрдария бағыттары бойынша жүргізілді. Барлау жұмыстарын жүргізудегі мақсат ежелгі ескерткіштерді анықтау, зерттеу және барлық археологиялық нысандардың беткі қабатынан табылған материалды есепке алу және жинау болды. Барлау жұмыстарының нәтижесінде Алып, Асанас 1, 2 және Мүлқалан ескерткіштері анықталады [Виноградов 1954].

1956 ж. Б.В. Андрианов жетекшілік еткен Жаңадария бассейніндегі археологиялық-топографиялық зерттеулері Жаңадария арнасының бойында орналасқан кейінгі ортағасырлық Қарақалпақ суландыру жүйелерін зерттеумен жалғастырылды. Барлау шаралары Барақ тамнан (Ақшадария) Шобан-қазған шатқалына дейінгі және одан әрі Жаңадарияның орта ағысындағы Қылы шатқалына дейінгі аумақта жүргізіліп, нәтижесінде Аралбай қала бекінісі ашылды [Андрианов 1956].

1957 ж. барлау жұмыстары Жаңадарияның жоғарғы бөлігі Қылы шатқалынан Орынбай қала, Сырлы там және Шірік рабат қаласына дейінгі аралықта жүргізілді. Жүргізілген барлау жұмыстарының барысында Л.М. Левинаның жетекшілік етуімен Шірік 2 жерлеу орны мен В.А. Лоховицтың қазба салуымен Шірік 3 бекінісінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нысандардың ішкі құрылыс іздері айқындалады. Сондай-ақ, Бәбіш мола қаласының солтүстік-батысында орналасқан Қабыл қала бекінісі (Шағырлы 1) мен, Шағырлы 2 жерлеу орны ашылып, зерттеледі. Зерттеушілер жерлеу орындарының шағын шеңбер тәрізді камералары өзара перпендикуляр қабырғалармен төртке бөлінгендіктен «крестовина» деп атайды. Осындай түрдегі жерлеу орындарын Жаңадария арнасында кең тараған деп тұжырымдайды [Толстов и др. 1960: 16]. Қазба барысында алынған археологиялық материалдар негізінде бұл ескерткіштер б.д.д. IV–II ғғ. мерзімделді [Вайнберг, Левина 1993: 22–23]. 1957 ж. жүргізілген барлау нәтижесі Жаңадария арнасы ежелгі дәуір, ерте және кейінгі ортағасыр кезеңдерінде суға толған деген С.П. Толстов жасаған қорытындысын растай түседі [Андрианов 1957; 1960: 172–190].

1957–1960 жж. төрт жылға созылған далалық маусымда ХАЭЭ кешенді археологиялық қазба-зерттеу жұмыстары Шірік рабат, Бәбіш мола қалалары мен Бұланды қонысында жүргізілді.

Шірік рабат қаласындағы зерттеу жұмыстары Ю.А. Рапопорт пен С.А. Трудновскаяның жетекшілігімен екі жерлеу кесенесі мен топырақ үйіндісі бар оба және қаланың жебе тәрізді атыс ойығы мен мұнаралары бар бекініс қабырғаларында жүргізілді. Қазба жұмыстарының нәтижелері ескерткіштің мерзімін нақтылауға мүмкіндік беріп, кешеннің өмір сүру уақыты б.д.д. V–II ғғ. мерзімделеді. Шірік рабат қаласының алғашқы өмір сүру кезеңіне нысанның орталық бөлігінде орналасқан үлкен топырақ үйіндісі бар обаларды жатқызуға болады. Біршама уақыттан кейін орталық бөлігіндегі төбе тікбұрышты мұнаралары бар бекініс қабырғаларымен қоршалып, жерлеу құрылыстары тұрғызылған. Кейін XII–XIII ғғ. басында қала қайта игеріліп, халық қоныстанады [Толстов и др. 1960: 15–62; 1963: 53–67; Толстов 1962: 139; Трудновская 1963: 200–213; Лоховиц 1963: 213–220].



1958 ж. археологиялық-топографиялық барлау жасағының зерттеу жұмыстары Жаңадария және Қуандария арналарының солтүстік бөлігінде жүргізілді. Барлау жұмыстарының бұл жылғы негізгі мақсаты Жаңадария арнасындағы Бәбіш мола оазисі мен Қуандария бойындағы ежелгі егіншілік ескерткіштерін зерттеу болды. Нәтижесінде Жеті асар шатқалындағы асар типіндегі Бидайық асар I және II ескерткіштері, Жаман асар қарақалпақ бекінісі және жиырмаға жуық қала, тұрақ, қоныс, жерлеу орындары мен мазар секілді жаңа нысандар анықталды. Атқарылған бұл жұмыстар жаңадан анықталған ескерткіштерде мекен еткен тайпалардың қоныстану аумағын анықтауға мүмкіндік жасады [Андрианов 1958; Толстов и др. 1963: 32–90].

1958–1960 жж. жүргізілген кең ауқымды археологиялық қазба жұмыстары Бәбіш мола қаласында болды. Мұндағы зерттеу жұмыстары С.П. Толстов пен М.Г. Воробьеваның жетекшілігімен қаланың орталық бөлігіндегі пішіні төртбұрышты келген «Үлкен үй» ғимараты мен «Донжон» деп аталатын мықты бекіністі кешенінде жүргізілді. Стратиграфиялық дерек бойынша Үлкен үй негізгі үш құрылыс кезеңінен тұратындығы анықталып, осы кезеңдерде монументалды сәулет-құрылыс кешені қалыптасқандығын көрсетеді. Сондай-ақ, қазба барысында Үлкен үйдің шығыс бөлігі толығымен ашылады.

Сонымен қатар, Б.И. Вайнбергтің жетекшілік етуімен «Донжонға» жүргізілген қазба барысында жоғарыда көрсетілгендей құрылыс және жөндеу іздері бар үш құрылыс кезеңі анықталады. Бірінші құрылыс кезеңінде донжон орнында цитадельдің алғашқы құрылысы болған. Кейін екінші кезеңде оның орнында жақсы нығайтылған ғимарат пайда болып, үшінші құрылыс кезеңінде екінші кезеңдегі құрылыстар бұзылып, тегістеліп олардың үстіне кейінгі донжон тұрғызылғандығын көрсетеді және бұл кезең б.д.д. II ғ. мерзімделеді.

Осы уақытта М.Г. Воробьеваның жетекшілік етуімен пішіні шаршы тәрізді Бәбіш мола 2 жерлеу құрылысына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіледі. Қазба барысы жерлеу құрылысында қам кесек пайдаланғандығын және нысанның жоспары крест тәрізді екендігін көрсетеді. Зерттеушілер жерлеу құрылысын салуда Хорезм ықпалы болмаған, жергілікті жердің құрылыс салу дәстүрі арқылы салынған деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, Асар, Бұланды 5, 6 жерлеу орындары зерттеліп, Тышқан тепе және Қызыл тепе кесенелеріне шағын барлау қазбалары салынады. Нәтижесінде кесенелердің жоспары дөңгелек және шағын күмбезі болғандығын және Тышқан тепе Қызыл тепе кесенесінен бұрын салынғандығын көрсетеді. Осылайша, жерлеу нысандарын б.д.д. IV–III ғғ. мерзімдейді [Толстов и др. 1960: 40–62; 1963: 60–64; Толстов 1962: 158–170; Вайнберг, Левина 1993: 44–46].

1959 ж. ХАЭЭ Іңкәрдария отрядының барлау және қазба жұмыстары Іңкәрдария арнасының оңтүстік-шығыс бөлігінде, Ақ шұқыр құдығымен Суықбет төбесі аралығында жүргізілді. Барлау жұмыстарының нәтижесінде Суықбет құмдағының солтүстік-батыс бөлігінен б.д.д. IV–II ғғ. мерзімделетін Суықбет-1–6 тұрақтары, Іңкәрдария арнасына жақын орналасқан қола дәуірінің Баян-1–6 тұрақтары, Іңкәрдария арнасының солтүстік-шығыс бөлігінде Баян құдығының маңында VI–V ғғ. мерзімделетін 1–6 шлакты оба, Іңкәрдария арнасының оңтүстік-батыс бөлігінде Түгіскен-1–3 қорымдары, Тектұрмас құмдағында орналасқан Тектұрмас-1, 2 тұрақтары, Бұланды кешеніндегі Бұланды-3 жерлеу орны, Бұланды-2 кесенесі, Бұланды-1 бекінісі мен ортағасырлық Ұйғарақ-1 қонысы анықталды. Сондай-ақ, барлау барысында 4-шлакты оба, Түгіскен қорымы мен Бұланды кешендеріне алғашқы барлау қазбалары жүргізіледі. 1959 ж. барлау барысында жаңа жерлеу ескерткіші шлакты обалардың ішіндегі көлемі үлкен Сенгір там қорымы анықталады. Жүргізілген барлау қазбасының нәтижесі ескерткішті б.д.д. I мыңж. ортасымен мерзімдеуге мүмкіндік береді.



Осылайша, Іңкәрдария арнасының бойында жүргізілген барлау, қазба жұмыстары аталмыш арнаның Жаңадария арнасымен салыстырғанда едәуір ерте екендігін көрсетеді [Андрианов 1959; Толстов и др. 1963: 32–53].

1959–1961 жж. Бұланды, Бұланды-1 бекіністі қоныстарына барлау қазба жұмыстары жүргізіп, нәтижесінде солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан ғимараттың бірнеше бөлмелері ашылды. Қазба барысында табылған материалдар, соның ішінде керамика, қоладан жасалған жебе ұштарымен ерекше сүйектен жасалған бұйымдар, фантастикалық бейнедегі тастан дайындалған жануар мүсіндерін атап өткен жөн. Үй-жайлардың бірінің қабырғаларынан полихромды өрнегі бар сылақ іздері тіркелді. Алынған мәліметтер негізінде Бұланды-1 ескерткіші бұл бірнеше салтанатты бөлмелері бар үлкен бекіністі үй-жай деген қорытынды жасалады. Қазба барысында тіркелген барлық археологиялық материалдарды негізге ала отырып ескерткіш б.д.д. III–II ғғ. мерзімделеді. Бұланды-1 ескерткішінен өзге үй-жай маңындағы Бұланды-2 монументалды кесенесі толық қазылып, Бұланды-3, 4 жерлеу орындарына зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері Бұланды-2 ескерткіші ерекше күмбезді архитектуралық кесене екендігін, Бұланды-3, 4 нысандарының жоспары 1957 ж. зерттеу жүргізілген Шірік 2, Шағырлы 2, Белтам 1 жерлеу орындарына ұқсайтындығын көрсетеді. Бұланды оазисінде орналасқан жерлеу орындарындағы қазба зерттеу жұмыстары С.П. Толстов, Л.М. Левина, Р.Л. Садаков, Е.Е. Неразик және архитектор Ю.В. Стеблюктың жетекшілігімен жүрді [Андрианов 1959; Толстов 1962: 172–174; Толстов и др. 1963: 32–53].

Жаңадария бассейніндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеу нәтижелері олардың өмір сүру уақытын б.д.д. V–II ғғ. мерзімдейді. Бірқатар маңызды белгілерге сәйкес (қоныстану, керамикалық материалдар, жерлеу рәсімі, қалалар мен бекіністер) бұл ескерткіштердің барлығы С.П. Толстов бастапқыда көкше-теңіз деп атаған біртұтас археологиялық мәдениетке біріктіріледі. Кейін, Жаңадария аумағындағы ескерткіштердің ішіндегі көлемі үлкен Шірік рабат қалашығымен байланыстырып жеке археологиялық «Шірікрабат» мәдениетіне бөлінеді. ХАЭЭ 1950-жылдардың аяғы мен 1960-жылдардың басындағы археологиялық зерттеулерінің нәтижелері Б.И. Вайнберг пен Л.М. Левинаның 1991 ж. жарық көрген «Шірікрабат мәдениеті» монографиясына арқау болып, ғылыми айналымға енеді [Вайнберг, Левина 1993: 5–7].

1960–1963 жж. ХАЭЭ зерттеу жұмыстары жүрген негізгі нысан Түгіскен қорымы болды. Түгіскен төбесінде орналасқан қорымдардағы қазба жұмыстары М.А. Итинаның жетекшілігімен жүргізілді [Толстов и др. 1963: 36–47; Итина, Яблонский 1997]. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Сырдарияның төменгі ағысында кейінгі қола б.д.д. IX–VIII ғасырларда тікбұрышты қам кесектен тұрғызылған шағын кесенелерде мәйітті өртеу (кремация) рәсімі бойынша жерленген бірегей Солтүстік Түгіскен қорымы ашылады [Итина, Яблонский 2001].

1961 ж. О.А. Вишневскаяның басшылығымен басталған Ұйғарақ қорымындағы қазба жұмыстары 1962, 1963 және 1965 жылдарға дейін жалғасады. 1961 ж. М.А. Итинаның жетекшілік етуімен Оңтүстік Түгіскен қорымындағы зерттеулер 1963 ж. дейін жүргізіледі. Қазба барысында Ұйғарақ қорымынан 70 оба, Оңтүстік Түгіскен қорымынан 38 обаға қазба салынып, құрылымдары әр түрлі жерлеу орындары тіркеледі. Осылайша, Сырдария арнасында алғашқы темір дәуірінің ескерткіштері сақ қорымдары ашылады. Зерттеушілер өңірдің ерте темір дәуіріндегі мәдени және этникалық тарихын түсіндіруде бұл ескерткіштердің орны ерекше әрі маңызды деп түсіндіреді [Вишневская 1973; Итина, Яблонский 2001].

1968 ж. Н.Н. Вактурская Іңкәрдария бойындағы ірі ескерткіштердің бірі Асанас қалашығына шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба нәтижесі XV ғ. Сырдария маңындағы су режимдерінің өзгеруіне байланысты қалада тіршілік тоқтағандығын көрсетеді [Вактурская 1979: 132].



1973 ж. Сырдария арнасының аумағындағы археологиялық зерттеулер Қуандария арнасында орналасқан Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері Бидайық асар және Томпақ асар қоныстары мен жақын маңдағы обаларда Л.М. Левинаның басқаруымен жүргізіледі [Левина 1974: 471; 1975: 42–46; 1976: 83–134]. Аталмыш ескерткіштердегі қазба жұмыстары 1984 ж. дейін он жылды қамтыған үлкен үзілістермен атқарылады [Левина 1977: 517–518; 1979: 537; 1980: 434–435; 1981: 438–439; 1986].

1986–1991 жж. Жаңақала-Ленин су құбырын жүргізуде тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтау мақсатында Жетіасар-3 (Алтын асар), Жетіасар-12 (Томпақ асар), Жетіасар-11 және 13 (Үлкен Қос асар және кіші Қос асар) кешендеріндегі обаларға қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 700-ден астам оба, 1000-нан астам жерлеу орындары зерттеледі. Сондай-ақ Томпақ асар қаласын зерттеу жалғастырылып, Алтын асар қаласындағы жеке орналасқан жоспары бесбұрышты бекіністі ғимараты толығымен ашылады [Левина 1993: 47]. Жетіасар ескерткіштеріне жүргізілген жан-жақты зерттеулер барысында мұндағы жерлеу орындарының түрлері ондағы жүргізілген рәсімдерді ашып көрсетеді. Нәтижесінде Л.М. Левина Сырдарияның төменгі ағысында ежелгі және ерте орта ғасырларда өте күрделі этникалық үдеріс жүргендігі туралы қорытынды жасайды. Осылайша, ғалым мың жылдан астам уақытқа созылған жетіасар мәдениетін дамуына қарай негізгі үш кезеңге Жетіасар-I (б.д.д. VII–VI ғғ. – б.д. III–IV ғғ.), Жетіасар-II (б.д. IV – VI, V ғғ.) және Жетіасар-III (б.д. VII–IX ғғ.) кезеңдерге бөліп көрсетеді. Сондай-ақ, ол екінші және үшінші кезеңдерде материалдық мәдениет, ескерткіштердің жоспарымен олардың фортификацияларында айтарлықтай өзгерістермен айырмашылықтың бар екенін атап өтеді [Левина 1996: 10]. Зерттеуші әрбір ескерткіштің стратиграфиясы мен материалдық мәдениетін талдай келе Жетіасар-I мәдениетінің өзін: б.д.д. VII–VI ғғ. – б.д.д. I ғ. (1а); б.д.д. I ғ. – б.д. I ғ. (1б); б.д. II–IV ғғ. (1в) деп үш хронологиялық кезеңдерге бөледі [Вайнберг, Левина 1992: 62].

1971–1972 жж. ХАЭЭ Сырдария отряды (жетекшілері Б.В. Андрианов және Н.Н. Вактурская) Сырдарияның ежелгі арнасында кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Атқарылған бұл жұмыстардың негізгі мақсаты жоспарланған жобаға сәйкес Сібір өзендеріндегі су ағысының бір бөлігін Арал теңізінің бассейніне жіберу мақсатында Сырдарияның төменгі ағысындағы ежелгі суармалы жерлерді қайта игеру үшін картаға түсіру болды.

1971 ж. Сырдария отрядының кешенді археологиялық-геоморфологиялық зерттеулері Сырдария арнасының оңтүстік-батыс бөлігінде Инкардария және Жаңадария арналарының орта және төменгі бөліктерінде жүрді. Сонымен қатар, Арал маңындағы Ащысай және Дайрабай арналары мен XVIII ғ. жататын канал маңына жүргізілген зерттеу барысында Арсыбай-1–2, Тулақ, Сарлытам, Майнарқан-1–2 қоныстары анықталды [Итина и др. 1971; Левина 1971].

1972 ж. зерттеулер Сырдарияның оңтүстік-шығыс бөлігінде Инкардария бастауы Жаңадарияның орта ағысы мен Мырзалы шатқалына дейінгі аймақты қамтыды. Мұнда Н.Н. Вактурскаяның жетекшілігімен Мырзалы қонысына қазба жұмыстары жүргізілді. Аталмыш аймақтың шығыс бөлігінде жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында әртүрлі кезеңдердегі Тас-1–3 қонысы, Сеңгір қала, Тас-асар, Қоян қала, Қақ қала, Ерімбет қонысы, Қызылғыр қорымы және т. б. жаңа археологиялық ескерткіштер анықталды [Левина 1972; Итина, Андрианов 1972]. Жоғарыда көрсетілген ескерткіштерде жүргізілген зерттеу жұмыстарына археолог ғалымдармен бірге КСРО ҒА Этнография институты қызметкерлері, КСРО ҒА География институтының географ, геоморфолог мамандары мен Қазақ КСРО ҒА Топырақтану институтының ғылыми қызметкерлері бірлесе жұмыс жасады.



Осылайша, Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының Сырдарияның төменгі ағысындағы елу жылға жуық жүргізілген зерттеулері аяқталады. Біршама үзілістен соң Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының тарапынан құрылған Шірік Рабат археологиялық экспедициясының ХХІ ғ. жүргізген зерттеулері негізінде өңір тарихы жаңа деректермен толықтырылды.

3 Талқылау (*Утубаев Ж.Р., Суюндиқова М.Қ.*)

Зерттеу жұмысының басты нәтижелері ХІХ және ХХ ғғ. Сырдарияның төменгі ағысында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарына қатысты жарық көрген ғылыми еңбектерді жан-жақты талдау мен жүйелеуге қатысты мәліметтерге қол жеткізу болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей ХІХ ғ. зерттеулер патша өкіметі отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатында әскери шенділердің аталмыш аймаққа келіп, көрген ескі қалалардың орналасу жері мен сипаттамасы жөнінде мәліметтер келтіреді. Әскери шенділер жазбаларынан археологиялық ескерткіштердің ішінде Жанкент қаласын жиі кездестіреміз.

Кейін, 1895–1917 жж. аралығында Орта Азия мен Қазақстанның археологиясы мен материалдық мәдениет тарихын зерттеуде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері жоғарыда көрсетілген әскери шенділер зерттеулерін жаңа мәліметтермен толықтырады. Үйірме мүшелері өңірдегі Перовск және Қазалы уездерінде жаңадан анықталған археологиялық ескерткіштерді анықтау, есепке алу, қорғау және сақтау сондай-ақ ескерткіштерге топографиялық сипаттама беру бағытында жұмыстар атқарғандығын байқаймыз.

Зерттеу жұмысының басым бөлігі ХХ ғ. С.П. Толстов жетекшілік еткен ХАЭЭ қазба-зерттеу жұмыстарына тиесілі. Экспедиция мүшелері мақалаға арқау болған территориядан тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасыр кезеңіне тиесілі екі жүзден астам қала, бекініс, қоныс, тұрақ, үй-жай, жерлеу орындары секілді археологиялық ескерткіштерді анықтап, тиесілі зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

ХАЭЭ зерттеулері Сырдарияның төменгі ағысында тас дәуірінің қырықтан аса ескерткіштері белгілі екендігін анықтады. Олардың басым бөлігі Сырдария арнасының солтүстігінде шоғырланған, белгілісі Қосмола 1–6, Талас 1 ескерткіштері болды. Ал, Іңкәрдария арнасының батыс бөлігінде Жалпақ 1–6 нысандары мен келтеменарлық тұрақтарды анықтайды [Толстов 1962: 79; Виноградов 1963: 96]. Сонымен қатар, кейінгі келтеменарлық тұрақтардың шоғыры Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Сексеуіл станциясында кездесетіндігін айтады [Формозов 1949].

ХАЭЭ тарапынан қола дәуірінің біршама ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл дәуірмен мерзімделетін Бұрлы 1–3, Баян 2, 3, Ерімбет, Көк-Сеңгір, Марджан 1, 2, Зиякет, Тас 1–3 және т. б. қоныс, тұрақтар мен жерлеу орындардың басым бөлігі Іңкәрдария арнасының ортаңғы және төменгі бөлігінде, солтүстік Қызылқұмда орналасқан. Зерттеушілер Сырдария арнасын қола дәуірінде қоныстануды Хорезм, Ақшадария арнасының оңтүстігіндегі амирабад мәдениетіндегі бақташылықпен айналысатын тұрғындардың көшуімен байланыстырады [Итина 1998: 88]. Қола дәуірімен мерзімделетін ескерткіштердің ішіндегі белгілісі Іңкәрдарияның орта ағысында орналасқан солтүстік Түгіскен қорымы болды. Аталмыш ескерткішке ХАЭЭ жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесі жерлеу орындарының б.д.д. ІХ–VIII ғғ. мерзімделетіндігін көрсетеді [Итина, Яблонский 2001: 93].

Зерттеушілер б.д.д. I мыңж. екінші жартысында Сырдария арнасының аумағына сақ тайпаларының қоныстануын, Іңкәрдария арнасының суы тартылып, оның орнына Жаңадарияның



қалыптасуымен түсіндіреді. ХАЭЭ бұл аймақтан жетпіске жуық ерте темір дәуірінің ескерткіштерін анықтап, археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. С.П. Толстов осы ескерткіштердің барлығын батысы – солтүстік Ақшадария арнасы мен шығысы – Жаңадария және Іңкәрдария арналарының төменгі аймақтарын қамтитын «көкше-теңіз» археологиялық мәдениетіне жатқызады. Біршама уақыттан соң, Л.В. Левина Жаңадария арнасының бойында орналасқан ірі ескерткіш Шірік Рабат қаласымен байланыстырып жеке шірікрабат мәдениеті деп бөліп шығарады [Вайнберг, Левина 1993: 47].

ХАЭЭ зерттеушілері Жаңадария арнасындағы XII–XIV ғғ. мерзімделетін ескерткіштердің орналасуын, арнада ерте ортағасырларда су болмағандығымен түсіндіреді. Ал, Іңкәрдария арнасы IX–XII ғғ. суға толғандығын, мұнда ерте және кейінгі ортағасырда мекен еткен тайпалардың көптеген қоныс, бекініс, жерлеу орындары секілді археологиялық ескерткіштердің шоғырлануынан анық байқауға болады. Сондай-ақ, Жаңадария арнасы кеуіп кеткеннен соң XV ғ. қазіргі Сырдария арнасы қалыптасты деп тұжырымдайды. Осылайша, ХАЭЭ Іңкәрдария мен Жаңадария арналарының бойында орналасқан ерте және кейінгі ортағасырлармен мерзімделетін ескерткіштерді ашып, зерттеу шараларын жүргізеді [Толстов 1962: 273–294; Толстов и др. 1963: 73–90].

Жалпы, ХАЭЭ тарапынан жүргізілген зерттеу жұмыстары Сырдария өзенінің төменгі ағысы көшпелі және егіншілік өркениеттерін байланыстырған ерекше көпір болғандығын дәлелдейді.

4 Қорытынды (Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К.)

Сырдарияның төменгі ағысы ежелден өркениеттер ошағы болғандығын дәлелдейтін бірегей археологиялық ескерткіштерге бай аймақ. Мұны XIX ғ. патша өкіметінің әскери шенділерінен құралған арнайы экспедициялары мен алғашқы ғылыми бірлестік Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі және XX ғ. С.П. Толстов басқарған Хорезм археология этнографиялық экспедициясының жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындыларынан анық байқауға болады.

XIX ғ. зерттеулер негізінен патша өкіметі отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатында әскери шенділер П. Рычков, М. Мейер, А.И. Левшин, А.И. Макшеев, В.В. Григорьев, П.И. Лерх, В.В. Верещагин және т. б. жазбаларында көрініс тапты. Әскери шенділер Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ескерткіштердің географиялық орналасуы мен сипаттамасына қатысты деректер көрсетеді. Кейін бұл мәліметтер Ташкент қаласында құрылған алғашқы ғылыми бірлестік Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің зерттеулерінде баламалану мәселелерімен жалғасып, жаңа мәліметтермен толықтырылады. Нәтижесінде сол уақыттағы қоғамның Орта Азия мен Қазақстанға деген қызығушылығы арта түседі. Жалпы, XIX ғ. жүргізілген зерттеулер аталмыш аймақтағы ескерткіштер жайлы алғашқы ғылыми гипотезалардың пайда болуымен, сондай-ақ алынған деректерді ортағасырлық авторлардың мәліметтері арқылы салыстыруымен ерекшеленеді.

Ал, XX ғ. зерттеулері Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының жұмыстарымен тікелей байланысты болды. ХАЭЭ зерттеу нәтижелері Сырдария өзенінің төменгі ағысын мекен еткен тайпалар мен халықтардың тарихы және осы территорияда орналасқан ескерткіштердің өмір сүру кезеңін тікелей Сырдария арнасымен байланыстырады. Себебі Сырдария арналарының суға толуы, өңірдегі қолайлы табиғат мұнда мекен еткен тұрғындардың түрлі шаруашылық пен мәдениеттер қалыптастыруына, өзге халықтармен экономикалық, саяси және мәдени тығыз қарым-қатынас жасауына жағдай жасады. Сонымен қатар, зерттеу барысы аталмыш аймақты игеру мен қоныстану қола дәуірінен бастау алып, б.д.д. I мыңж. ортасы мен екінші жартысында



отырықшы-егіншілік шірікрабат мәдениетінің гүлденген кезеңі болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, жүргізілген зерттеу нәтижесінде аталмыш өңірді мекендеген халықтардың мәдениеті, тұрмысы мен шаруашылығы жөніндегі мәліметтер зерделеніп, ескерткіштердің мерзімделуіне қатысты кәсіби мамандар тарапынан қорытындылар мен тұжырымдар жасалады. Осы тұжырымдар мен қорытындылар бүгінгі күнде біршама зерттеушілердің ғылыми жұмыстары мен ізденістеріне арқау болды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, құнды қазыналарымыз бен ұлттық мұраларымызды зерделеу, зерттеу және еліміз бен халықаралық деңгейде таныту мен насихаттау бағытында біршама шаралар атқарылды. Осы орайда 2004 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты тарапынан құрылған Шірік Рабат археологиялық экспедициясы (ШРАЭ) Сырдарияның төменгі ағысындағы XX ғ. бастау алған ХАЭЭ зерттеулерін бүгінгі күнге дейін кешенді, әрі үздіксіз жалғастырып келеді. Жаңа зерттеу нәтижелері шірікрабат археологиялық мәдениеті ерте темір дәуіріндегі сақ тайпаларының мәдениеті негізінде қалыптасып, әрі қарай отырықшы-егіншілік мәдениет ретінде дамығандығын көрсетеді. Зерттеушілер Сырдарияның төменгі ағысында мамандандырылған колонер өндірісі бар үлкен қоныстар, ірі бекіністі құрылыстар, кесенелер (пантеон), жерлеу орындары, көптеген ұсақ ауылдық қоныстар мен жекелеген үй-жайлардың анықталуын, бұл өңірде ерте мемлекеттік құрылым болғандығымен түсіндіреді [Болелов, Утубаев 2020: 69–88; Utubayev 2022: 43–56].

Қорыта келгенде, Сырдарияның төменгі ағысы өзінің ерекше мәдениеті, бірегей тарихи-мәдени және археологиялық ескерткіштерімен Еуразияның тарихи дамуына үлес қосқан ауқымды зерттелген бірден-бір ерекше аймақ екендігін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Андрианов Б.В. Археолого-топографические изыскания в бассейне Жанадарьи в 1956 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 27.
- 2 Андрианов Б.В. Отчет о работе археолого-топографического отряда в 1957 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 31.
- 3 Андрианов Б.В. Изучение каракалпакской ирригации в бассейне Жанадарьи в 1956–1957 гг. // Материалы ХАЭЭ. М., 1960. Вып. 4. С. 172-190.
- 4 Андрианов Б.В. Отчет о работе археолого-топографического отряда в бассейне Жанадарьи в 1958 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 37.
- 5 Андрианов Б.В. Отчет о работах Хорезмской археолого-этнографического экспедиции АН СССР на территории Казахской ССР в 1959 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 42.
- 6 Аржанцева И.А., Болелов С.Б., Тажекеев А.А. История исследований Хорезмской экспедиции на землях Сыра. М.: Олеабук, 2018. 312 с.
- 7 Бартольд В.В. Историко-географический обзор Ирана. Сочинения / Отв. ред. И.П. Петрушевский. М.: Наука, 1971. Т. VII. 658 с.
- 8 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. Сочинения / Отв. ред. А.М. Беленицкий. М.: Наука, 1965. Т. III. 232 с.
- 9 Бартольд В.В. Работы по исторической географии / Отв. ред. А.М. Беленицкий. М.: Вост. лит., 2002. 706 с. (перепеч. с изд. 1965 г.).
- 10 Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Гончарное производство на территории древней дельты Сырдарьи в эпоху античности: новые данные // Археология Казахстана. 2020. № 1 (7). С. 69-88.
- 11 Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикратская культура в низовьях Сырдарьи // Археология СССР. Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время / Отв. ред. М.Г. Мошкова. М.: Наука, 1992. С. 47-60.



- 12 Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикратская культура. Низовья Сырдарьи в древности. Вып. I. М.: ИЭА РАН, 1993. 130 с.
- 13 Вактурская Н.Н. Новые данные о городище Асанас // Археология и этнография Средней Азии. М.: Наука, 1979. С. 127-133.
- 14 Верецагин В.В. Джанкент // Санкт-Петербургские ведомости. СПб., 1868. № 2.
- 15 Виноградов А.В. Археологические разведки в Кызылординской области Казахской ССР в 1954 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 21.
- 16 Виноградов А.В. Новые материалы для изучения кельтеминарской культуры // Материалы ХАЭЭ. М., 1963. Вып. 6. С. 91-102.
- 17 Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII–V вв. до н.э. / Отв. ред. М.Г. Воробьева. Труды ХАЭЭ. М.: Наука, 1973. Т. VIII. 159 с.
- 18 Григорьев В.В. Кабулистан и Кафиристан. СПб.: Рус. геогр. о-во, 1867. 1010 с.
- 19 Итина М.А. К истории изучения бронзового века Южного Приаралья // Приаралье в древности и средневековья / Отв. ред. Е.Е. Неразик. М.: Вост. лит., 1998. С. 78-91.
- 20 Итина М.А., Андрианов Б.В. Отчет о работах Сырдарьинского отряда Хорезмской археологической экспедиции в 1972 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 97.
- 21 Итина М.А., Вактурская Н.Н., Левина Л.М. Работа Хорезмской экспедиции в низовьях Сырдарьи. 1971 // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 88.
- 22 Итина М.А., Яблонский Л.Т. Саки Нижней Сырдарьи. М.: РОССПЭН, 1997. 187 с.
- 23 Итина М.А., Яблонский Л.Т. Мавзолеи Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. М.: Вост. лит., 2001. 294 с.
- 24 Каллаур В.А. Древние города и селения (развалины) в Перовском уезде в доменах рек Сырдарьи и Яны-Дарьи // ПТКЛА. 1904. IX. С. 14-59.
- 25 Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края / ТОУАК. 1911. Т. XXII. Вып. 22. 332 с.
- 26 Кастанье А.И. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 516 с.
- 27 Левина Л.М. Отчет о работе Сырдарьинского отряда Хорезмской экспедиции в 1971 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 88.
- 28 Левина Л.М. Отчет о работе Сырдарьинского маршрутного отряда в 1972 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 97.
- 29 Левина Л.М. Работы в Джетысарском урочище // Археологические открытия 1973 года / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1974. С. 471.
- 30 Левина Л.М. Новые исследования памятников Джетысарской культуры в Восточном Приаралье // Ранние кочевники Средней Азии и Казахстана: тез. докл. конф. (г. Ленинград, ноябрь 1975 г.) / Отв. ред. В.М. Массон. Л.: [б./и.], 1975. С. 42-46.
- 31 Левина Л.М. Отчет о работах Джетысарского отряда ХАЭЭ Института этнографии АН СССР в 1976 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 118.
- 32 Левина Л.М. Исследования в Джетысарском урочище // Археологические открытия 1976 года / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1977. С. 537.
- 33 Левина Л.М. Поселения VII–V вв. до н.э. и «шлаковые» курганы южных районов Сырдарьинской дельты / Кочевники на границах Хорезма. Труды ХАЭЭ. М., 1979. Т. XI. 192 с.
- 34 Левина Л.М. Раскопки городищ Джетысарского оазиса // Археологические открытия 1979 года / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1980. С. 434-435.
- 35 Левина Л.М. Среднеазиатские связи Джетысарской культуры в первом тысячелетии н.э. // Культура и искусство древнего Хорезма. М.: Наука, 1981. С. 170-177.
- 36 Левина Л.М. Отчет о работах Джетысарского отряда ХАЭЭ Института этнографии АН СССР в 1986 г. // Архив ИЭА РАН. Ф. 142, оп. 2, ед. хр. 178.
- 37 Левина Л.М. Джетысарские склепы // Низовья Сырдарьи в древности. Вып. 2: Джетысарская культура. Ч. 1: Склепы. М.: Ин-т этнол. и антроп. РАН, 1993. С. 33-199.



- 38 Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья. М.: Восточная литература, 1996. 396 с.
- 39 Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей // Известия географические. Ч. 1. СПб., 1832. Т. 12. 212 с.
- 40 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 656 с.
- 41 Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. // Отчет ИАК. СПб.: Типография императорской академии наук, 1870. С. 7-40.
- 42 Лунин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. ТКЛА (1895–1917) / Отв. ред. Р.Н. Набиев. Ташкент: АН УзССР, 1958. 319 с.
- 43 Лоховиц В.А. Раскопки квадратного погребального сооружения на городище Чирикрат / Материалы ХАЭЭ / Под ред. С.П. Толстова. М.: АН СССР, 1963. Вып. 6. С. 214-220.
- 44 Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.; Л., 1939. Т. I. 612 с.
- 45 Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб.: тип. Э. Веймара и Ф. Персона, 1865. 386 с.
- 46 Макшеев А.И. Описание низовьев Сырдарьи // Морской сборник. 1856. Т. XXIII. № 9. С. 448-527.
- 47 Макшеев А.И. Остатки старинного города на Сыр-Дарье // Санкт-Петербургские Ведомости. 1867. № 60.
- 48 Ремезов С. Чертежная книга Сибири, составленная в 1701 г. СПб., 1882.
- 49 Рычков П. Топография Оренбургской губернии. СПб.: при Императорской Академии наук, 1762. С. 5-434.
- 50 Рычков П. Топография Оренбургской губернии. Уфа: Китап, 1999. 309 с.
- 51 Смирнов Е.Т. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарьи / ПТКЛА, 2, протокол от 17.II-1897 г.
- 52 Стасов В.В. Собрание Сочинений Стасова. СПб., 1894. Т. III. Музыка и театр.
- 53 Сыдыкова Ж.Т. Археологические памятники низовьев Сырдарьи (по материалам Хорезмской археолого-этнографической экспедиции) // Российская археология. 2008. № 4. С. 43-51.
- 54 Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ. 2019 және 2022 жж. ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары жайлы // Қазақстан археологиясы. 2022. № 3 (17). 91-102-бб.
- 55 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.: АН СССР, 1948. 328 с.
- 56 Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция АН СССР 1945–1948 гг. // Труды ХАЭЭ. М., 1952. Т. I. С. 7-46.
- 57 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: Вост. лит., 1962. 324 с.
- 58 Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в 1957 г. // Материалы ХАЭЭ. М., 1960. Вып. 4. С. 15-62.
- 59 Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958-1961 гг. // Материалы ХАЭЭ. М., 1963. Вып. 6. С. 3-81.
- 60 Трудновская С.А. Круглое погребальное сооружение на городище Чирик-рабат // Материалы ХАЭЭ. М., 1963. Вып. 6. С. 201-213.
- 61 Формозов А.А. Кельтеминарская культура в Западном Казахстане // КСИИМК. 1949. Вып. 25. С. 49-54.
- 62 Ханьков Я.В. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740–1741 годах Гладышевым и Муравиным. СПб., 1851. 88 с.
- 63 Энциклопедический словарь географических названий / Гл. ред. С.В. Калесник. М.: Сов. энциклопедия, 1973. 806 с.
- 64 Utubayev Zh. An essay on the ethnocultural history of the lower reaches of the Syr Darya in the second half of the I millennium BC: settlements of the Chirikrabat culture // Kazakhstan Archeology. 2022. № 1 (15). Pp. 43-56.

REFERENCES

- 1 Andrianov, B. V. 1956. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, item. ridge 27 (in Russian).
- 2 Andrianov, B. V. 1957. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, unit chr. 31 (in Russian).
- 3 Andrianov, B. V. 1956–1957. In: *Materialy KhAEE (Materials of Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*, 4, 172-190 (in Russian).



- 4 Andrianov, B. V. 1958. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, item. ridge 37 (in Russian).
- 5 Andrianov, B. V. 1959. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, item. ridge 42 (in Russian).
- 6 Arzhantseva, I. A., Bolelov, S. B., Tajekeev, A. A. 2018. *Istoriya issledovaniy Khorezmskoy ekspeditsii na zemlyah Syra (History of research of the Khorezm expedition on the lands of the Syr)*. Moscow: “Oleabuk” Publ. (in Russian).
- 7 Bartold, V. V. 1965. *Sochineniya (Essays)*. Vol. III. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 8 Bartold, V. V. 1979. *Sochineniya (Essays)*. Vol. VII. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 9 Bartold, V. V. 2002. *Raboty po istoricheskoy geografii (Works on historical geography)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).
- 10 Bolelov, S. B., Utubayev, Zh. R. 2020. In: *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)*, 1 (7), 69-88 (in Russian).
- 11 Vaynberg, B. I., Levina, L. M. 1992. In: Moshkova, M. G. (ed.). *Arkheologiya SSSR. Stepnaya polosа Aziatskoy chasti SSSR v skifo-sarmatskoye vremya (The steppe zone of the Asian part of the USSR in the Scythian-Sarmatian time)*. Moscow: “Nauka” Publ., 47-60 (in Russian).
- 12 Vaynberg, B. I., Levina, L. M. 1993 *Nizovaya Syrdari v drevnosti (The lower reaches of the Syr Darya in antiquity)*. Moscow: Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS (in Russian).
- 13 Vakturskaya, N. N. 1979. In: *Arkheologiya i etnografiya Sredney Azii (Archaeology and Ethnography of Central Asia)*. Moscow: “Nauka” Publ., 127-133 (in Russian).
- 14 Vereshchagin, V. V. 1868. In: *Sankt-Peterburgskiyе vedomosti*, 2 (in Russian).
- 15 Vinogradov, A. V. 1954. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, unit hr. 21 (in Russian).
- 16 Vinogradov, A. V. 1963. *Materialy KhAEE (Materials of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)* (in Russian).
- 17 Vishnevskaya, O. A. 1973. *Trudy KhAEE (Proceedings of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*, VIII. Moscow (in Russian).
- 18 Grigoriev, V. V. 1867. *Kabulistan i Kafiristan (Kabulistan and Kafiristan)*. Saint Petersburg: Russian Geographical Society (in Russian).
- 19 Itina, M. A. 1998. In: Nerazik, E. E. (ed.). *Priaralie v drevnosti i srednevekovie (The Aral Sea region in antiquity and the Middle Ages)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ., 78-91 (in Russian).
- 20 Itina, M. A., Andrianov, B. V. 1972. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, items. 97 (in Russian).
- 21 Itina, M. A., Vakturskaya, N. N., Levina, L. M. 1971. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, item. ridge 88 (in Russian).
- 22 Itina, M. A., Yablonskiy, L. T. 1997. *Saki Nizhney Syrdarii (Sakas of the Lower Syr Darya)* (in Russian).
- 23 Itina, M. A., Yablonskiy, L. T. 2001. *Mavzolei Severnogo Tagiskena. Pozdnyy bronzovyy vek Nizhney Syrdarii. (Mausoleums of Northern Tagisken. Late Bronze Age of the Lower Syr Darya)* (in Russian).
- 24 Kallaur, V. A. 1904. In: *Protokoly Turkestanskogo kruzhka lyubitelei arheologii (Protocols of the Turkestan Circle of Amateur Archaeologists)*, IX (in Russian).
- 25 Castagne, I. A. 1911 In: *Trudy Orenburgskoy uchenoy Arhivnoy komissii (Proceedings of the Orenburg Scientific Archival Commission)*, XXII (in Russian).
- 26 Castagne, A. I. 2007. *Drevnosti Kirgizskoy stepi i Orenburgskogo kraya (Antiquities of the Kirghiz steppe and the Orenburg region)*. Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Russian).
- 27 Levina, L. M. 1971. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, unit. ridge 88 (in Russian).
- 28 Levina, L. M. 1972. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, unit. ridge 97 (in Russian).
- 29 Levina, L. M. 1973. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arheologicheskiye otkrytiya (Archaeological discoveries)*. Moscow: “Nauka” Publ., 471 (in Russian).



- 30 Levina, L. M. 1975. In: Masson, V. M. (ed.). *Ranniye kochevniki Sredney Azii i Kazakhstana (Early nomads of Central Asia and Kazakhstan)*. Leningrad, 42-46 (in Russian).
- 31 Levina, L. M. 1976. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, item. ridge 118 (in Russian).
- 32 Levina, L. M. 1977. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskiye otkrytiya (Archaeological discoveries)*. Moscow: "Nauka" Publ., 537 (in Russian).
- 33 Levina, L. M. 1979. *Kochevniki na granitsah Horezma (Nomads on the borders of Khorezm)*. Moscow (in Russian).
- 34 Levina, L. M. 1979. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskiye otkrytiya (Archaeological discoveries)*. Moscow: "Nauka" Publ., 434-435 (in Russian).
- 35 Levina, L. M. 1981. In: *Kultura i iskusstvo drevnego Khorezma (Culture and art of ancient Khorezm)*. Moscow: "Nauka" Publ., 170-177 (in Russian).
- 36 Levina, L. M. 1986. In: *Archive of the Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS*. Fund 142, inventory 2, item. ridge 178 (in Russian).
- 37 Levina, L. M. 1993. In: *Nizovya Syrdari v drevnosti (The lower reaches of the Syr Darya in antiquity)*. Moscow: Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS, 33-199 (in Russian).
- 38 Levina, L.M. 1996. *Etnokulturnaya istoriya Vostochnogo Priaralya (Ethnocultural history of the Eastern Aral Sea region)*. Moscow: "Vostochnaya literature" Publ. (in Russian).
- 39 Levshin, A. I. 1832 In: *Izvestiya geograficheskoye (Geographical News)* (in Russian).
- 40 Levshin, A. I. 1996. In: *Opisanie kirgiz-kazatshikh, ili kirgiz-kaysatskikh, ord i stepey (Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisak, hordes and steppes)*. Almaty: "Sanat" Publ. (in Russian).
- 41 Lerkh, P. I. 1870. In: *Otchet IAK (Report of the Imperial Archaeological Commission)* (in Russian).
- 42 Lunin, B. V. 1958. *Iz istorii russkogo vostokovedeniya i arkhologii v Turkestane (From the history of Russian oriental studies and archaeology in Turkestan)*. Tashkent: Academy of sciences of the UzSSR (in Russian).
- 43 Lokhovits, V. A. 1963. In: *Materialy KhAEE (Materials of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*. Moscow: "Nauka" Publ., 214–220 (in Russian).
- 44 *Materialy po istorii turkmen i Turkmeni (Materials on the history of Turkmens and Turkmenistan)*. 1939. Moscow; Leningrad (in Russian).
- 45 Meyer, L. 1865. In: *Kirgizskaya step Orenburgskogo vedomstva (The Kyrgyz steppe of the Orenburg department)*. St. Petersburg: type. E. Weimar and F. Person (in Russian).
- 46 Maksheev, A. I. 1867. In: *St. Petersburg Vedomosti*, 60 (in Russian).
- 47 *Maksheev, A. I. 1856. In: Morskoy sbornik (Marine collection)*, 448-457 (in Russian).
- 48 Remezov, S. 1701. *Chertezhnaya kniga Sibiri (Drawing book of Siberia)* (in Russian).
- 49 Rychkov, P. 1762. *Topografiya Orenburgskoy gubernii (Topography of the Orenburg province)*. Saint Petersburg: Imperial Academy of Sciences (in Russian).
- 50 Rychkov, P. 1999. *Topografiya Orenburgskoy gubernii (Topography of the Orenburg province)*. Ufa: "Kitap" Publ. (in Russian).
- 51 Smirnov, E. T. 1897. In: *Protokoly Turkestanskogo krushka lyubitelei arheologii (Protocols of the Turkestan Circle of Amateur Archaeologists)* (in Russian).
- 52 Stasov, V. V. 1894. *Sobraniye Sochineniy Stasova (Collected Works of Stasov)*. Vol. III. Music and theater. St. Petersburg (in Russian).
- 53 Sydykova, Zh. T. 2008. In: *Rossiiskaya arheologiya (Russian Archaeology)*, 4, 43-51 (in Russian).
- 54 Tazhekeyev, A., Sultanzhanov, Zh. 2022. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 3 (17), 91–102 (in Kazakh).
- 55 Tolstov, S. P. 1948. *Po sledam drevnekhorezmiyskoy tsivilizatsii (In the footsteps of the ancient Khorezmian civilization)*. Moscow: USSR Academy of Sciences (in Russian).
- 56 Tolstov, S. P. 1952. In: *Trudy KhAEE (Proceedings of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*. Moscow, 7-46 (in Russian).
- 57 Tolstov, S. P. 1962. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta (Along the ancient deltas of the Oxus and Jaksart)*. Moscow: "Vostochnaya literature" Publ. (in Russian).



- 58 Tolstov, S. P., Vorobieva, M. G., Rapoport, Yu. A. 1960. In: *Materialy HAEE (Materials of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*, 4. Moscow, 15-62 (in Russian).
- 59 Tolstov, S. P., Zhdanko, T. A., Itina, M. A. 1963. In: *Materialy HAEE (Materials of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*, 6. Moscow, 3-81 (in Russian).
- 60 Trudnovskaya, S. A. 1963 In: *Materialy KhAEE (Materials of the Khorezm Archaeological and ethnography expedition)*, 6. Moscow, 201-213 (in Russian).
- 61 Formozov, A. A. 1949. In: *Kratkie soobshcheniya o dokladah i polevyh issledovaniyah Instituta istorii materialnoy kultury (Brief reports on reports and field studies of the Institute for the History of Material Culture)*, 25, 49-54 (in Russian).
- 62 Khanykov, Ya. V. 1851. *Poyezdka iz Orska v Khivu i obratno, sovershennaya v 1740–1741 godakh Gladyshevym i Muravinyam (The trip from Orsk to Khiva and back, made in 1740-1741 by Gladyshev and Muravin)*. St. Petersburg (in Russian).
- 63 *Entsiklopedicheskiy slovar geograficheskikh nazvaniy (Encyclopedic Dictionary of Geographical Names)*. 1973. Moscow: “Soviet Encyclopedia” Publ. (in Russian).
- 64 Utubayev, Zh. 2022. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 1 (15), 4356 (in English).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.07.2023.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 17.08.2023.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.09.2023.

